

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

Ол жоғарыда аталғандардың екеуін де біріктіретін, рухани өлшемді жаратылыстан тыс салаға қатысты деп түсіндіретін тәсілмен де түсінілуі мүмкін. Соңғы бірнеше онжылдықта әлемде саясаттану, әлеуметтану, әлеуметтік антропология саласындағы зайырлылық пен секуляризмнің, (де) секуляризациялық процестердің, постсекулярлық қоғамның әртүрлі үлгілерін зерделеуге арналған зерттеулердің қарқынды өсуі байқалады.

Зайырлылықтың проблематикасы, діннің секулярдан кейінгі қоғамдағы рөлі мен орны әлеуметтік ғылым ғалымдары арасында ғана емес, сондай-ақ кеңірек көпшілік кеңістігінде де неғұрлым талқыланатын мәселе болып отыр.

Қазіргі демократиялық мемлекеттегі діни конверсия - бұл табиғи құбылыс. Мемлекетке толеранттылық пен теңдік негіздері болуға тиіс қоғамда идеологиялық теңгерімді сақтауды қамтамасыз ету жауапкершілігі жүктеледі. Осылайша, діни конверсияны зерделеу - қазіргі қоғамдағы маңызды және өзекті тақырып, оны дінтану, әлеуметтану, саясаттану, философия, психология, педагогика және қоғамдық ғылымдар сияқты ғылымдар қолдауға тиіс.

Тұтастай алғанда, дінділік пен діни ұқсастық барған сайын қазақстандықтардың өмір салтын таңдауға елеулі әсер етеді. Діни конверсияларға түрлі буындағы отандастар, әлеуметтік және кәсіби мәртебелері тартылған.

Қазақстан үшін діни сананы азаматтық өзін-өзі анықтауға қатысты этномәдени бірегейлікпен байланыстыратын тәсіл маңызды, өйткені біздің елімізде конверсиялық типтегі күрделі көші-қон ахуалы бар.

Діни конверсия феноменін зерттеу әлеуметтік-гуманитарлық ғылымның басым бағыттарының біріне айналады және тұрақты мониторинг пен бірыңғай әдіснама форматында жүргізілуі тиіс.

Қазақстандық қоғамда діни конверсия феноменін зерттеу енді ғана басталды. Сондықтан оны қазіргі заманғы ғылым құралдарымен зерделеуді жалғастыру маңызды. Осыған байланысты рухани қауіпсіздікті қалыптастырудың тақырыптық контексті, азаматтық діннің алғышарттары мен форматы, тұтастай алғанда діни сәйкестендіру перспективалы бағыттар бола алар еді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Бургарт Л.А. Влияние миграционных факторов на формирование и развитие Католической Церкви в Казахстане //Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях. Сб. науч. трудов VII международной научной конференции. Усть-Каменогорск, 2006. стр . 54-62;
2. «Кредо». Газета Римско-католической Церкви Казахстана [электронды ресурс];
3. «Караганда – второй Рим» //Кредо. Газета Римскокатолической Церкви Казахстана, № 3 , 2005. стр. 14-16. [электронды ресурс];
4. Эволюция нетрадиционных для Казахстана религиозномистических и мистико-окультурных воззрений: методическое пособие// Сост. Умирзакова Л.А., Асанбаев М.Б. – А.: УВП г.Алматы, ЦСГИ «Аспкт М» – 2011. Стр 166.

УДК 21.15.61

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КАТОЛИЦИЗМНІҢ ТАРИХИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІ**

**Баймағамбетова Айжан Құсайынқызы**

[kairova09@bk.ru](mailto:kairova09@bk.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
7М02206 – Дінтану мамандығының 2-курс магистранты, Астана қаласы, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Токсанбаев Абай Қайратович

Қазақстан халқының көпұлтты құрамы бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып және сол аралықта әр аймақтың өзіндік діни ерекшелігін айқындады. Қазақстан аумағындағы католицизмнің алғашқы көріністері XIII ғасырға жатады, Олар римдік бас діни қызметкерлердің тапсырмасымен қазақ халқының ұлы хандарға барған католик миссионерлерінің болуымен байланысты болды. Кейінгі ғасырларда христиан дініндегі католик діні, қазақ жеріне ислам дінінің келуі арқылы ығыстырылды және Қазақстан аумағында католиктік көріністер XIX ғасырдың ортасына дейін дерлік байқалмады, кейіннен Ресей империясының патша әкімшілігінің реформалары мен қоныс аудару саясатына байланысты қазіргі Қазақстан аумағында христиандықтың таралуының жаңа кезеңі басталды.

Зайырлы мемлекеттің негізі - ар-ождан бостандығы, діни сенімдердің теңдігі, діни конфессияларға қатысты саяси биліктің бейтараптығы. Зайырлы мемлекет азаматтардың діни сенім бостандығы құқығын іске асыруын және діни бірлестіктердің қызметін құқықтық реттеуді жүзеге асырады. Мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қатынастар жүйесі қоғамдық қатынастардың барлық қалған жүйесінен оқшау болып табылмайды. Діни бірлестіктер қазақстандық қоғамның бір бөлігі, институттары, ал діндарлар - Қазақстан Республикасының толық құқылы азаматтары болып табылады.

Христиан дінінің ежелгі тамырлары Орта Азия мен Қазақстанда таралуы II-III ғ.ғ. байланысты. Христиан дінінің осы аймақта таралуы Сирия, Палестина және Иранның қуғынға ұшыраған христиан халқының келуімен байланысты болды. Осы өңірге христиан халқының көші-қон ағыны сауда-дипломатиялық жолдардың маңызды трансқұрлықтық трассаларымен тығыз байланысты болды, олардың арасында Ұлы Жібек Жолы ерекше орын алды. Католицизмнің Қазақстанда алғаш көрінісі 1246 жылы Рим Папасы Иннокентий IV понтификаты кезеңімен сипатталады. Қазақстандағы алғашқы католик миссионерлері францискандықтар болды, атап айтатын болсақ итальяндық Джованни дель Пано Карпини, поляк әріптесі Бенедикттің қолдауымен. Гильом Рубрук өзінің Константинополь қаласынан Қарақорымға жасаған саяхатымен ерекшеленді. XIV ғасырдың басында Ханбалық митрополиясы шеңберінде Шағатай ұлысы астанасы Алмалықта (Іле өзенінің аңғарында, қазіргі Алматыдан шамамен 300 шақырым шығыста орналасқан) алғашқы епархия құрылды, епархияның алғашқы епископы Карлино де Грассис болды.

«Католик» сөзі грек тілінен шыққан. «katholikos» - «бәрін қамтитын», «жалпыға ортақ», «ғаламдық» деген мағынаны білдіреді, христиан дінінің үш тармағының бірі болып табылады.

Католицизмнің «Католик шіркеуінің катехизисінде» баяндалған және оның барлық ізбасарлары үшін бірегей біртұтас доктринасы бар. Католик шіркеуі, немесе Рим-католик шіркеуі, оның ізбасарларының сенімі бойынша - Иса Мәсіх негізін қалаған және барлығын басқаратын шіркеу, оны бүкіл адамзатқа оны құтқару үшін тағайындалған.

Католиктердің пікірінше, Иса Мәсіх шіркеуді Рим Папасы мен епископтар арқылы басқарады және Папаның қателігін қамтамасыз етеді. Католиктер Рим Папасының да адам екенін мойындайды, сондықтан ол күнә жасай алады деп біледі. Басты мерекелер – Пасха, күн жыл сайын өзгереді және православиелік Пасхамен сирек тұспа-тұс келеді, өйткені католиктер григориан күнтізбесін қолданады және Рождество 25 желтоқсан күні атап өтіледі.

IV ғасырдан бастап христиандық руханилықтың кең тараған нысандарында қажылық, қасиетті бейнелерді яғни иконға сыйыну, қалдықтар (әулиелердің қалдықтары) мен жәдігерлер (Иса Мәсіхтің немесе әулиелердің өмірімен байланысты заттар) құрметі болды. Католиктік шіркеудің ең қымбат және осы күнге дейін ең қадірлі жәдігерлерінің бірі - өлген Исаның мәйіті табытқа салынар алдында ораған туриндік киімі, яғни жамылғысы болып табылады.

Католиктік мораль қағидаттарының бірі өз еліндегі мемлекеттік билікке адалдық пен құрмет, егер олар моральдық нормаларға қайшы келмесе, оның заңдарын сақтау, өз халқының және өз елінің игілігі мен дамуына қамқорлық жасау болып табылады. Католиктік шіркеу әрқашан экономикалық және әлеуметтік жағдайына, ұлтына, терісінің түсіне, дініне, жынысына қарамастан адамның ең жоғары қадір-қасиетін қорғап келген: барлық адамдар Құдайдың бейнесі мен ұқсастығы бойынша жасалған; Мәсіх олардың әрқайсысы үшін өз жанын берді.

Католиктік шіркеу аборттарды кісі өлтіру деп есептейді және оларды қатаң айыптайды, өзін-өзі өлтіру мен эвтаназияны айыптайды, адамның клондауын адам өмірін жол берілмейтін манипуляция ретінде қабылдамайды. Сондай-ақ гомосексуализм қабылданбайды және дәстүрлі отбасылық құндылықтар қорғалады.

Католик шіркеуінің орталығы Римде орналасқан. Рим қаласының шегінде ең кішкентай мемлекет Ватикан орналасқан, әлемдік Рим Папасының резиденциясы орналасқан. Қазіргі уақытта Католиктік шіркеу саны жағынан ең ірі христиан конфессиясы болып табылады. Уақыт өте келе католиктердің саны миллиардтан асты, бұл барлық христиандардың жартысынан астамын құрайды.

Қазіргі Қарағанды епархиясы аумағындағы Католик шіркеуінің тарихы Ресей империясы кезінде жалғасты. XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басында қазіргі Қазақстан аумағында әскери қызмет еткен патша армиясының әскери қызметшілерінің бір бөлігі, Қазақстанда қалған қоныс аударғандар, ерікті қоныс аударушылар. Көбінесе республиканың солтүстік облыстарында тұрған діндарларға негізінен Омбы приходының діни қызметкерлері қызмет көрсетті, дегенмен ұзақ уақыт бойы шіркеулері болмаған еді.

XIX-XX ғасырлардың басында Қазақстанда неміс католиктерінің бірнеше қоныстары пайда болды.

Қазақстандағы католиктік шіркеулердің құрылысы XX ғасырдың басында басталды. Католиктік шіркеулер қызметінің жандануынан көрініс тапқан белгілі бір өзгеріс Николай II-нің 1905 жылғы 17 сәуірдегі діни төзімділік туралы манифестінен кейін болды, оған сәйкес Католиктік шіркеу Православие шіркеуінің құқықтарымен ішінара теңестірілді және шіркеуді ұйымдастыру үшін Православие шіркеулерінің рұқсаты талап етілмеді. XX ғасырдың басында Семей қаласында және Семей қаласының жанында орналасқан Мариенбург (қазіргі атауы Переменовка) кентінде сенушілер үшін құлшылық ететін үйлері ашыла бастады.

Қалай болғанда да, Қазақстандағы Католик шіркеуінің тарихы жиырмамыншы ғасырда, дәл сол «сталиндік депортациялардың» арқасында өте кең тарала бастады. Сталиндік режим кезінде Қазақстан жекелеген халықтардың күштеп қоныс аудару орнына айналды. Олардың арасында католиктер де болды, олардың көптеген өзге ұлт адамдары, немістер, поляктар, литвалықтар және т.б. Жазасын өтеген діни қызметкерлердің көбі бостандыққа шыққаннан кейін, көбінесе Қазақстанда еріксіз жоғарғы лауазымдағы адамдарға қызмет етуге қалды.

Қарағандыда және басқа да көптеген жерлерде 1963 жылы қаза болғанға дейін, Қарағандыдағы резиденцияға Апостол Визиторы болған Алексей Зарицкий діни қызметті атқарған, ол Митрополит Иосиф Слипогтың тапсырмасымен жіберілген болған.

XX ғасырдың 50-80 жылдары Қарағанды Қазақстан мен Орта Азиядағы Католиктік шіркеудің рухани орталығына айналды. 1977 жылға дейін құдайға құлшылық ету жасырын жүргізілді, кейіннен Қарағандыдағы рим-католик дініндегі діни қауымдастықты тіркеуге рұқсат алынды.

90-шы жылдардың басында Қасиетті Престол бұрынғы кеңістіктегі шіркеу құрылымдарын қалпына келтіру және жаңарту бойынша белсенді жұмысты бастайды.

90-жылдардың басында Қазақстанда Католиктік шіркеудің қалыпты жұмыс істеуі үшін мүмкіндік пайда болғаннан кейін 1991 жылғы 13 сәуірде Рим папасы Иоанн Павел II Қазақстан Республикасының аумағында Қарағандыда Апостолдық әкімшілігін құрды. Сол күні, 1991 жылдың 13 сәуірінде Апостол әкімшісі болып Ян Павел Ленга сайланды.

Қарағандылық Апостол әкімшісінің рухани қамқорлығы Қазақстаннан басқа Орта Азиядағы шашыраңқы католиктік қауымдарға: Өзбекстанда, Тәжікстанда, Қырғызстанда және Түрікменстанда уақытша таралды.

Қазақстанда католиктік шіркеу провинциясы (митрополия) жұмыс істейді, оның орталығы Нұр-Сұлтан қаласындағы Әулие Мария архиепархиясы болып табылады, архиепархия аумағы Павлодар, Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарын және Нұр-Сұлтан қалаларын қамтиды. Қазақстандағы шіркеу провинциясының құрамына сондай-ақ Қарағанды Епархиясы, оның аумағы Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарын қамтиды.

Католиктік шіркеулерде құдайға құлшылық ету әдетте орыс, украин, неміс, ағылшын және поляк тілдерінде жүргізіледі.

Одан бөлек, Қазақстан аумағында Католиктік жоғары діни семинария және Қарағанды қаласындағы Кармель тауынан Киелі Қыз Мәриям орденінің «Монастырь босых монахинь», «Каритас» республикалық қайырымдылық қоры Қарағанды, Алматы, Нұрсұлтан қаласында бар. Бірақ қазіргі таңда Қарағанды қаласындағы осы шіркеу жабылған болатын.

Католик шіркеуінде монахтық өмір бар. Бірақ, әдетте, бұл атау жеке адамдардың өміріне ғана емес, белгілі бір қоғамға да қолданылады. Монахтық өмір Мысырда III ғасырда пайда болды, ал оның негізін қалаушы Ұлы Антония болып саналады. Оның бастапқы нысаны – еріктілік, сонымен қатар христиандық өмірдің маңызды факторына айналды және Батыс пен Шығыста көптеген ізбасарларын тапты.

Католиктік шіркеу барлық уақытта Мәсіхтің ілімін жеткізіп қана қоймай, оны қазіргі заманның глобальді мәселелеріне де қолдануға ұмтылған. XIX-XX ғасырларда католик шіркеуінің әлеуметтік ілімі, яғни әлеуметтік өмір мәселелері бойынша ресми ілім әзірленді. Бұл оқудың негізгі принциптері - адамның жеке ойы мен қасиеттерін құрметтеу және ортақ игілікке ұмтылу. Еңбек адам өмірінде үлкен рөл атқарады, бірақ адам еңбегімен өз ісінің құлына айналмауы тиіс: оның демалуға, отбасына, мәдени, қоғамдық және діни өмірге уақыты болуы тиіс. Католик шіркеуі үлкен қайырымдылық қызметін жүргізеді.

Осылайша, Қарағандыны және жалпы Қазақстанның католиктік дінді жаңғырту және Католиктік Шіркеуді дамыту орталығына айналдырудың басты негізгі 2 фактор әсер еткен болатын, атап айтатын болсам, біріншіден, католиктердің көптен пайда болуы, оның басты бір себептерінің бірі ол неміс және поляк адамдарының Қазақстан жерін қоныс аударуы болды. Кейін, айта кететін болсам аймақтағы католиктердің көптеп пайда болуы ол, 1942-1944 жылдары Қарағанды облысының өнеркәсіптің мобилизациясы.

Қазақстан Республикасының және Ватикан арасындағы ең маңызды жетістіктерінің бірі екі ел арасындағы дипломатиялық келісім, Католиктік Шіркеудің келіссөздер арқылы «конкордатқа» 1999 жылғы 10 мамырда қол қойылды. Мемлекеттің маңызды басымдықтарының бірі конфессияаралық келісімді сақтау болып табылады. Қазақстанның барлық конфессияларының абсолюттік заңдық теңдігіне қарамастан, Қазақстанның ең ірі діндері - ислам мен православие осы конфигурацияның шынайы орталығында орналасқан, олар өзара іс-қимылда іс жүзінде елде конфессияаралық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Нақ осы тұрақтылық негізінде Қазақстанның барлық конфессияларының, соның ішінде ислам мен христиан дінінің арасындағы қарым-қатынас қалыптасады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Бургарт Л.А. Влияние миграционных факторов на формирование и развитие Католической Церкви в Казахстане // Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях. Сб. науч. трудов VII международной научной конференции. Усть-Каменогорск, 2006. стр. 54-61;
2. «Кредо». Газета Римско-католической Церкви Казахстана [электронды ресурс];
3. «Караганда – второй Рим» // Кредо. Газета Римскокатолической Церкви Казахстана, № 3 (115), март 2005. С. 14-16. [электронды ресурс];
4. История Казахстана: народы и культуры. Учебное пособие / Масанов Н.Э. и др. Алматы, 2001. стр: 212-219

УДК 21.15.47

## **ҚАЗАҚСТАНДЫҚ-ИСЛАМДЫҚ БРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ХАНАФИТТІК ДӘСТҮРДІҢ РӨЛІ: СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ӨЛШЕМ**

**Жолдыбекова Нурбиби Умирбаевна**

[Nika-07\\_98@mail.ru](mailto:Nika-07_98@mail.ru)